

КЕЛІСЕМІН:
Ақтөбе облысы білім
басқару жетекшісінің
орынбасары
Ж.И. Сұлтан
«26» 08 2024ж

КЕЛІСЕМІН:
«Дарын» республикалық
ғылыми-практикалық
орта білімнің директоры
Г.Турсынов
«29» 08 2024ж

БЕКІТЕМІН:
Ақтөбе облыстық
мамандандырылған физика-
математикалық лицей-
интернаты директоры
К.Е. Глеумагамбетова
«30» 08 2024ж

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған
физика-математикалық
лицей-интернатының
2024-2025 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарына түсініктеме

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты - тұратын орын ұсынумен қоса білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

Білім беру ұйымының міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

Лицей – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Лицейдің негізгі максаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы жоғары оқушыларға оңтайлы жағдай жасау;

3) білім алушыларды кәсіптік оқытуға бағдарланған пәндер бойынша дайындау.

2024-2025 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылады:

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;

Лицей-интернат 2024-2025 оқу жылында білім беру үдерісін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа ала отырып және осылардың негізінде әзірленген лицей-интернаттың Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

2024-2025 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығының 5-қосымшасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білімді ұлгі» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығымен бекітілген)

Негізгі және жалпы орта білім беру /6-9-сыныптар және 10-11-сыныптар/

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатының 6-9-сыныптары аралығындағы оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 63-қосымшасына, 10-11-сыныптары аралығындағы оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 67-қосымшасына сәйкес жасақталды.

Аталған үлгілік оқу жоспарының инварианттық бөлігіндегі мамандандырылған компонент есебінен апталық жүктемеге 6А-6Б сыныптарына жаратылыстану пәні бойынша 1 сағаттан, шетел тілі пәні бойынша 1 сағаттан, математика пәні бойынша 2 сағаттан, 7А-7Б-8-9-сыныптарына алгебра пәні бойынша 1 сағаттан, геометрия пәні бойынша 1 сағаттан, информатика пәні бойынша 1 сағаттан, 7А-7Б-8-9-10А-10Б-11А-11Б-сыныптарына химия пәні бойынша 1 сағаттан, география пәні бойынша 1 сағаттан, биология пәні бойынша 1 сағаттан, физика пәні бойынша 1 сағаттан қосылды. Соның ішінде оқыту үрдісі физика-математикалық бағытта жүргізілетін болғандықтан, 10А-10Б-11А-11Б сыныптардағы алгебра, геометрия және физика пәндерінің инварианттық бөліктегі сағаттары 2 топқа бөлініп оқытылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 2024-2025 оқу жылында оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен 6-11-сыныптарда: 6А-6Б сыныптарына аптасына 0,5 сағат, 7А-7Б сыныпта аптасына 0,5 сағат, 8-сыныпта аптасына 0,5 сағаттан, 9-10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Жаһандық күзиреттіліктер» курсы енгізілді.

Элективті курс - оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, кәсіби бейінің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының маңызды бөлігі. Элективті курс оқыту үдерісін өзектендіру мен даралаудың басым бағыты. Элективті курстардың жүйесі оқушылардың белгілі талап, тілегіне, қызығушылығына, икемділігіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді. Элективті курстар - әрбір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

Жалпы орта білім беру сатысындағы үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар бағыты бойынша төмендегідей курстар таңдап алынды. Білім алушылардың физика және математика ғылымы саласы бойынша қызығушылықтарына сәйкес әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде физика-математикалық тілді және негізгі физика-математикалық заңдарды қолдану, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білу, есептерді шешуде білімдерін ғылыми модельдерді құруға және шынайы процестерді сипаттайтын физика-математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау мақсатында 10А-10Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Қолданбалы физика», аптасына 2 сағаттан «Тенсіздік пен теңдеулер» және математикалық білімді ағылшын тілінде меңгерту мақсатында аптасына 1 сағаттан «Linear algebra» /«Сызықтық алгебра»/ курстары, 11А-11Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Математикалық практикум», аптасына 2 сағаттан «Атомдық және кванттық физика», аптасына 1 сағаттан «Генетика негіздері», аптасына 1 сағаттан «Геоэкономика» курстары енгізілді.

Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру, жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыру, технология, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен энергетиканың әртүрлі саласындағы жетістіктер ғылыми идея мен ғылыми прогресс дамуының

жарқын мысалдарын таныту, оқушылардың робототехникаға, өнерге қызығушылығын жетілдіру мақсатында вариативтік компоненттің жеке және топтық жұмыстар бағыты бойынша төмендегі курстар мен үйірмелер оқыту жоспарланды.

Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми бағыттағы математика, физика, информатика, география, химия пәндері бойынша алған білімі мен дағдыларын кіріктіре отырып, робототехникасы, инженерлік дизайн және технология негіздерін меңгерту мақсатында 6А-6Б-7А-7Б-8-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Робототехника», 7А-7Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Тіршілік химиясы», 7А-7Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Физика және эксперимент», 8-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Жылу құбылыстары», 9-сыныпқа аптасына 1 сағаттан «Туризм географиясы», 9-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Теңіздіктер» курстары мен үйірмелері енгізілді. Сол сияқты халқымыздың сәндік қолданбалы өнерін, музыкалық өнерін, оқушылардың домбыра тарту өнеріне қызығушылығын жетілдіру мақсатында 7А-7Б-8-9-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Домбыра-дастан» үйірмесі, 6А-6Б-7А-7Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Шебер» қолөнер үйірмесі енгізілді.

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес білім беру үдерісіндегі саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту мақсатында 9-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Математикалық сауаттылық және логика», аптасына 2 сағаттан «Нанотехнология», 10А-10Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Қолданбалы математика», аптасына 2 сағаттан «Молекулалық физика», 11А-11Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Математикалық сауаттылық», аптасына 2 сағаттан «Жарық құбылыстары» курстары жүргізіледі.

Білім алушылардың үш тілді меңгеруі: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде білуі бәсекеге қабілетті мемлекет болуға ұмтылыс жасаудың бір жолы. Ағылшын тілі – ғылым тілі, ХХІ ғасырдың тілі. Оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру - әрбір оқытушының міндеті, ал ағылшын тілін еркін білу - жас ұрпақтың міндеті. Сондықтан да негізі мектеп сатысынан бастап математика, физика пәндері бойынша ғылым негіздерін ағылшын тілінде оқыту оқушылардың қызығушылығын оятары сөзсіз. Математика, физика пәндеріндегі ғылыми терминдер мен физикалық шамаларды, математикалық амалдар мен формулаларды, анықтамаларды ағылшын тілінде қолдануға талпыныс жасалуда.

Осы мақсатты негізге ала отырып, математика, физика пәндерін ағылшын тілінде оқыту жоспарға алынды. Оқу жоспарының саралап және жекелеп оқыту бағыты бойынша 6А-6Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Mathlogic» («Логикалық математика»), аптасына 2 сағаттан «Magic numbers» («Ғажайып математика»), 7А-7Б сыныптарына аптасына 2 сағаттан «Cognitive tasks» («Танымдық тапсырмалар»), аптасына 2 сағаттан «Physics and the world» («Физика және әлем»), 8-сыныпқа аптасына 2 сағаттан «Math world problems» («Мәтінді есептер»), аптасына 2 сағаттан «Fundamentals the electrostatics» («Электростатика негіздері») курстары енгізілді.

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығының 2-қосымшасы 3-тарау 90-тармағына сәйкес білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, және/немесе шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі.

Оқушылардың ғылым негіздері бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын ұштастыру, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, қоғамдық-гуманитарлық, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту, практикалық жұмыстарды орындауда алынған нәтижелерді

бағалау мен анықтығын орнатуда лайықты әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқушыларға физика ғылымындағы іргелі жаңалықтарды таныту, оқушылардың қоршаған дүниені ғылыми түсінуін, табиғат пен техника құбылыстарын зерттей және түсіндіре алу біліктерімен қарулануын, қоғамның экономикалық және мәдени дамуындағы ғылымның рөлін түсінуін, табиғаттың бөлігі ретіндегі адамға табиғат дүниесін ғана емес, ондағы өзінің орнын да саналы қабылдауын, физикалық құбылыстарды тануы мен оларды зерттеуге қызығушылығын арттыру мақсатында мақсатында 7А сыныпта аптасына 1 сағат, 7Б сыныпта аптасына 1 сағаттан «Сандар теориясы» үйірмесі, 10А-10Б сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Математикалық анализ», 8-9-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Физика және техника», 10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1,5 сағаттан «Физика болашақ мамандықта» үйірмелері жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Astana Hub» корпоративтік қорымен бірлесе отырып орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған бағдарламалау негіздерін оқыту жөніндегі онлайн білім беру платформасын пилоттық режимде іске қосу туралы 12.10.2023 жылғы «Digital Bridge 2023» халықаралық технологиялық форумының қорытындысында берілген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 25.04.2024 жылы бекітілген пилоттық жобаны жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспарының негізінде аптасына 10А сыныпқа 0,5 сағат, 10Б сыныпқа 0,5 сағат, 11А сыныпқа 0,5 сағат, 11Б сыныпқа 0,5 сағаттан «Жасанды интеллект» үйірмесі енгізілді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастырылады. Оқу жоспарының элективті курстар және саралап және жекелеп оқыту бағыты бойынша 10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Абайтану» курсы жүргізіледі.

Оқушылардың сөз өнеріне, әдеби мұраларға қызығушылығын ояту, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал жасау, өз ойын ауызекі және жазба тілде еркін жеткізе білуге үйрету, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мәтінді оқуға, талдау жасауға дағдыландыру, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында үйірмелер бағыты бойынша аптасына 1 сағаттан 6А-6Б-7А-7Б-8-9-сыныптарына «Сөз өнері» үйірмесі жүргізіледі. «Сөз өнері» үйірмесінің мақсаты - оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, шығармашылық ізденіс жұмыстарына баулу, әдеби мұраларды танып-білуге және айшықты, әсерлі сөз қолданыстарына теориялық тұрғыдан талдау жасай білуге үйрету.

Мақсатқа жетудің негізгі құралы білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау болып табылады. Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету мақсатында оқу жоспарының үйірмелер бағыты бойынша 6А-6Б-7А-7Б-8-сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Әдеп және этика», 9-10А-10Б-11А-11Б сыныптарына аптасына 1 сағаттан «Парасаттылық және әдеп» үйірмелері енгізілді.

Шахмат ойыны – адамның ақыл-ой дамуына ықпал ететін, мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдайлар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі. Шахмат ойыны жоғары интеллектуалды спорт түрі болғандықтан, балалардың логикалық ойлау, алдын-ала болжау, математикаға бейімделу қабілетін арттыруға, үлкен мүмкіндік туғызатындығы сөзсіз. Шахмат ойыны арқылы адам баласының дүниетанымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қоры, есептеу, жаратылыстану бағытындағы білім сауаттылығы, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, жылдам ойлау, шешім қабылдау және батыл қадамдар жасау дағдылары жетіледі. Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да моральдық қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі. Оқу жоспарының үйірмелер бағыты бойынша 6А-6Б сыныптарына апталық 1 сағаттық жүктемемен «Шахмат» үйірмесі жүргізіледі.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушыларды пайымдауға, талдауға және сыни ойлауға, командада жұмыс істеу дағдысын дамытуға, карама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретеді. Зияткерлік жарыс ретінде пікірсайыстарды сабақта және сабақтан тыс уақытта жоғары сыныптарда өткізген өте қолайлы.

Дебат қозғалысына қатысу мектеп оқушыларын ел өміріне белсенді қатысуға, пайдалы бастамалардың бастамашысы бола отырып, барлық оқиғаларға үн қатуға, елдің болашағын құруға ұмтылудағы өзінің азаматтық ұстанымын айқындауға үйрету мақсатында үйірмелер бағыты бойынша 8-9-сыныптарға аптасына 1 сағаттан «Дебат» үйірмесі енгізілді.

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны 6-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аяғында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 10-сыныптарда 12 сағаттық, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу үдерісі кезінде жүргізіледі.

Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабақ кестесі, кеңес беру және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралау, оқушылардың жүктемесін мектептен тыс асырмау мақсатында лицей-интернат толық күн жұмыс жасайды.

Ақтөбе ОМФМ-нің директоры



К.Е.Тлеумагамбетова

Handwritten signature

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 63-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 63-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі
орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
(2024-2025 оқу жылы)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Жалпы жүктеме, сағат	
		6А	6Б	7А	7Б	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент									
I	Тіл және әдебиет	11	11	10	10	10	10	62	2108
1	Қазақ тілі	3	3	2	2	2	2	14	476
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	18	612
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	18	612
II	Математика және информатика	6	6	4	4	4	4	28	952
5	Математика	5	5	-	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	2	2	2	2	8	272
7	Геометрия	-	-	1	1	1	1	4	136
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	6	204
III	Жаратылыстану	1	1	4	4	4	4	18	612
9	Жаратылыстану	1	1	-	-	-	-	2	68
10	Физика	-	-	1	1	1	1	4	136
11	Химия	-	-	1	1	1	1	4	136
12	Биология	-	-	1	1	1	1	4	136
13	География	-	-	1	1	1	1	4	136
IV	Адам және қоғам	3	3	2	2	2	3	15	510
14	Қазақстан тарихы	2	2	1	1	1	1	8	272
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	6	104
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	1	1	68
V	Технология және өнер	3	3	1	1	1	1	10	340
17	Музыка	1	1	-	-	-	-	2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	1	8	272
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	612
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	612
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	4	7	7	7	7	36	1224
Шетел тілі		1	1					2	68
Жаратылыстану		1	1					2	68
Математика		2	2					4	136
Алгебра				1	1	1	1	4	136
Геометрия				1	1	1	1	4	136
Химия				1	1	1	1	4	136
Биология				1	1	1	1	4	136
География				1	1	1	1	4	136
Физика				1	1	1	1	4	136
Информатика				1	1	1	1	4	136
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	31	32	187	6358

Вариативтік компонент								
Жаһандық күзiреттiлiктер немесе басқа таңдау курстары	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3,5	119
Элективтi курстар								
Жеке және топтық жұмыс	1	1	4	4	4	4	18	612
Вариативтi оқу жүктемесi	1,5	1,5	4,5	4,5	4,5	5	21,5	731
Оқу жүктемесiнiң жоғарғы шектi көлемi	32,5	32,5	35,5	35,5	35,5	37	208,5	7089

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 67-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 67-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған
жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
(2024-2025 оқу жылы)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		10А	10Б	11А	11Б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
1	Қазақ тілі	1	1	1	1	4	136
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	8	272
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	8	272
4	Шетел тілі	2	2	2	2	8	272
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	3	12	408
6	Геометрия	2	2	2	2	8	272
7	Информатика	2	2	2	2	8	272
8	Физика	2	2	2	2	8	272
9	Химия	1	1	1	1	4	136
10	Биология	1	1	1	1	4	136
11	География	1	1	1	1	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	8	272
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	4	136
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	4	136
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	408
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	1	4	136
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	4	4	4	16	544
	Химия	1	1	1	1	4	136
	Биология	1	1	1	1	4	136
	География	1	1	1	1	4	136
	Физика	1	1	1	1	4	136
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	124	4216
Вариативтік компонент							
	Жаһандық күзiреттер	1	1	1	1	4	136
	Элективтi курстар	6	6	6	6	24	816
Вариативтi оқу жүктемесi		7	7	7	7	28	952
Оқу жүктемесiнiң жоғарғы шектi көлемi		38	38	38	38	152	5168

Қосымша

Вариативтік компонент
Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық
лицей-интернатының оқу жоспары
(2024-2025 оқу жылы)

№	Курс атауы	6А	6А	7А	7Б	8	9	10А	10Б	11А	11Б	Апталық сағат саны
I	Жаһандық күзiреттiлiктер немесе басқа таңдау курстары	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	1	7,5
1	«Жаһандық күзiреттiлiктер»	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	1	7,5
II	Элективтi курстар							6	6	6	6	24
1	«Абайтану»							1	1			2
2	«Теңеiздiк пен теңдеулер»							2	2			4
3	«Қолданбалы физика»							2	2			4
4	«Математикалық практикум»									2	2	4
5	«Геоэкономика»									1	1	2
6	«Генетика негiздерi»									1	1	2
7	«Атомдық және кванттық физика»									2	2	4
8	«Linear algebra» /«Сызықтық алгебра/»							1	1			2
III	Жеке және топтық жұмыстар	1	1	4	4	4	4	-	-	-	-	18
1	«Робототехника»	1	1	1	1	1						5
2	«Туризм географиясы»						1					1
3	«Тiршiлiк химиясы»			1	1							2
4	«Физика және эксперимент»			1	1							2
5	«Жылу құбылыстары»					2						2
6	«Теңсiздiктер»						2					2
7	«Сандар теориясы»			1	1							2
8	«Физика және техника»					1	1					2
IV	Саралап және жекелеп оқыту	4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	40
1	“Math logic” /«Логикалық математика»/»	2	2									4
2	“Magic numbers” /«Ғажайып математика»/»	2	2									4
3	«Cognitive tasks» /«Танымдық тапсырмалар»/»			2	2							4

4	«Physics and the world» /«Физика және әлем»/			2	2							4
5	«Math world problems» /«Мәтінді есептер»/					2						2
6	«Fundamentals electrostatics» /«Электростатика негіздері»/					2						2
7	«Математикалық сауаттылық және логика»							2				2
8	«Нанотехнология»							2				2
9	«Математикалық сауаттылық»									2	2	4
10	«Қолданбалы математика»							2	2			4
11	«Моллекулалық физика»							2	2			4
12	«Жарық құбылыстары»									2	2	4
	Сабақтан тыс жұмыстар	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	40
1	«Математикалық анализ»							1	1			2
2	«Шахмат»	1	1									2
3	«Дебат»					1	1					2
4	«Сөз өнері»	1	1	1	1	1	1					6
5	«Сәндік-қолданбалы өнер»	1	1	1	1							4
6	«Физика – болашақ мамандықта»							1,5	1,5	1,5	1,5	6
7	Жасанды интеллект							0,5	0,5	0,5	0,5	2
8	«Парасаттылық және әдеп»						1	1	1	1	1	5
9	«Әдеп және этика»	1	1	1	1	1						5
10	«Абайтану»									1	1	2
11	«Домбыра-дастан»			1	1	1	1					4
Жоғары білікті мамандармен шарт жасасу арқылы жекелеген курстар мен дәрістер ұйымдастыру												
1500 с												

С. Бектұр

Жоғары білікті мамандармен шарт жасасу арқылы жекелеген курстар мен дәрістер ұйымдастыру /1500 сағат/

р/с	Курс, дәріс атауы	Сыныптар	Жылдық сағат саны
1	«Цифрлық құрылғылар көмегімен физикалық процестер мен құбылыстарды зерттеу»	9-10-11	150
2	«Математикалық талдама»	8-9-10-11	150
3	«Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындық»	6-7-8-9-10-11	150
4	«Физика пәні бойынша компьютерлік модельдеу»	10-11	150
5	«Информатика пәні бойынша олимпиадаға дайындық»	9-10-11	150
6	«Электр және магнетизм»»	7-8-9	150
7	«Геометриялық оптика»	9-10-11	150
8	«Химиялық эксперименттік есептерді шешу»	9-10-11	150
9	«Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер»	9-10-11	150
10	«Python тілінде программалау»	8-9-10-11	150

А. Басым